

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 26 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 сәуірде № 6961 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 68 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 10.12.2020 № 68 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 2-12-4/52 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің Көктөбе ауылында орналасқан "Үміт" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

